

**Тақырып 6. Корпорация
табысының қалыптасуы мен
бөлінуі және тиімді пайдалануы**

- **Табыстар** – дегеніміз қаржының келуі немесе активтер құнының өсуі не болмаса пассивтердің азаюы түріндегі есепті кезеңдегі экономикалық пайданың ұлғаюы болып табылады, бұл акционерлер салымдарының есебінен өсуден басқа жағдайдағы капиталдың өсуіне әкеледі.

- Табыстылықтың көрсеткіштер жүйесі ең алдымен қаржылық нәтижелердің абсолютті көрсеткіштерінен тұрады, олар өнімді /жұмысты, қызметті/ өткізуден алынатын табыс, жалпы табыс, негізгі қызметтен алынған табыс, салық салынғанға дейінгі дағдылы қызметтен алынатын табыс, салық салынғаннан кейінгі табыс, төтенше жағдайлардан алынған табыс, корпорация қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі болып табылатын **таза табыс**.

- Нарықтық жағдайда табыстың ролі айтарлықтай артты. Жоспарлы-директивті экономика жағдайында оның ролі төмендетілген болатын. Табыс табу кез-келген корпорацияның мақсатты функциясы ретінде төмендетілді. Нарықтық экономикаға көшумен табыс, оның яғни корпорацияның қозғаушы күшіне айналды.
- Табыс есебінен сондай-ақ корпорацияның бюджет алдындағы, банктер мен басқа да кәсіпорындар, ұйымдар алдындағы міндеттемелері орындалады. Сонымен, табыс корпорацияның өндірістік және қаржылық қызметін бағалаудағы негізгі көрсеткіші болып табылады.

- Ол оның іскерлік белсенділігі мен қаржылық тұрақтылығын сипаттайды. Табыс бойынша авансталған қаржылық қайтарымдылық деңгейі мен осы корпорацияның активтеріне саплынған салымдардың табыстылығы анықталады.
- Сонымен корпорация табыстарына есепті кезеңдегі активтердің көбеюі /ақша қаражаттарының, басқа да мүліктердің келіп түсуін, кіріске алынуын/ және міндеттемелердің азаюы /өтелінуі/ негізінде капиталдың көбеюін /үлес қосушылардың жарналарынан басқа/ яғни экономикалық пайда табуды айтамыз.

- Мұндай табыстарға:
 - дайын бұйымдар мен тауарларды сатудан алынатын табыстар;
 - қызмет көрсетуден алынатын табыстар;
 - дивиденттер, роялтилер және пайыз түрінде алынатын және т.б. табыстар жатады.

- ***Операциялық қызмет*** - заңды тұлғаның кіріс алатын негізгі қызметі және инвестициялық және қаржы қызметіне жатпайтын өзге де қызметі. Аталмыш кәсіпорын осы қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылады.
- ***Инвестициялық қызмет*** - ұзақ мерзімді актив сатып алу және сату, сондай-ақ өтелетін қарыз беру және алу жөніндегі қызмет.
- ***Қаржы қызметі*** - заңды тұлғаның нәтижесінде меншікті капиталдың және қарыз қаражаттың мөлшері мен құрамы өзгертін қызметі.

- Корпорацияның негізгі қызметтен алынатын табыстары - олардың негізгі өндірісі шығарған тауарларды сатудан, көрсеткен қызметтерден, сондай-ақ орындалған жұмыстардың барысында тапқан табыстары саналады.

- Негізгі қызметтен алынған табыстарға корпорация жүйесінде келесілер жатады:
 - ❖ дайын өнімді /жұмысты, қызметті/ сатудан түскен табыстар;
 - ❖ сатылып алынған тауарларды сатудан түскен табыстар;
 - ❖ құрылыс-монтаж, ғылыми-іздістіру, геологиялық барлау және т.б. болған табыстар;
 - ❖ көлік ұйымдарының жүктер мен жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтен түскен табыстар;
 - ❖ жалға байланысты алынған табыстар;
 - ❖ байланыс ұйымдарының қызметінен түскен табыстар;
 - ❖ сақтандыру компанияларының қызметінен түскен табыстар;
 - ❖ инвестициялық қызметтен түскен табыстар.

Бұл табыстардың барлық түрлері үшін корпорацияның бухгалтериясында жекеленген бухгалтерлік шоттар ашылады.

- Ал корпорацияның негізгі емес қызметінен түскен табыстары дегеніміз – субъектінің нақтылы негізгі қызметтерінен басқа жұмыстарды орындауы барысында тапқан табыстарын айтады.
- Оларға:
 - корпорацияның материалдық емес активтерін сатудан түскен табыстар;
 - негізгі құралдарды сатудан түскен табыстар;
 - құнды қағаздарды сатудан түскен табыстар;
 - акциялар бойынша дивиденттер мен пайыздардан түскен табыстар;
 - курстық айырмашылықтан түскен табыстар және т.б.

- Жиынтық кірістің нысандандырылған есеп-қисабы төменде келтіпілген:

$$\bullet P = P^P + P^\Phi + P^И + P^Ч$$

- мұнда: P – кәсіпорынның жиынтық кірісі (залалы);
- P^P -өнім (жұмыс, қызмет) сатудан алынатын нәтиже (кіріс немесе залал);
- P^Φ -қаржылық қызметтің нәтижесі;
- $P^И$ -инвестициялық қызметтің нәтижесі;
- $P^Ч$ -төтенше жағдайдың нәтижесі.

Өнім (жұмыс, қызмет) сату нәтижесі төмендегідей анықталады:

$$P^P = N^P - C^{np} - C^{nep},$$

мұнда: N^P - өнімді (жұмысты, қызметті) ҚҚА, акциз және

басқа да жанама салық пен жиын қоспай босату бағасымен сатудан алынған түсім;

C^{np} - сатылған өнімнің өзіндік (өндірістік) құны;

C^{nep} - кезең шығысы (коммерциялық және басқарушылық).



1-сурет. Кәсіпорынның кірісті қалыптастыруға негізделген шаруашылық механизмінің моделі («Кіріс және шығыс жөніндегі есеп» деген қаржы есеп-қисабының жолдары көрсетілген)



2-сурет. Кәсіпорын иелігінде қалатын таза пайданы бөлу

- *Пайдалылық көрсеткіші* кәсіпорын қаржысының нәтижесін және оның қызметінің тиімділігінің салыстырмалы көрсеткіші болып табылады. Аталмыш көрсеткіш кәсіпорынның табыстылығын түрлі тұрғыдан өлшейді және экономикалық процеске, нарықтық алмасуға катысушының мүддесіне сәйкес топтастырылады.
- Пайдалылықтың негізгі көрсеткіштерін төмендегідей **топтастыруға** болады:
- өнім пайдалылығының көрсеткіші;
- капитал (актив) пайдалылығының көрсеткіші;
- қолма-қол ақшалай қаражат ағынының негізінде есептелген көрсеткіш.

Көрсеткіштің *бірінші тобы* кәсіпорының есеп-қисабында көрсетілетін пайда (кіріс) көрсеткішінің пайдалылық (табыстылық) деңгейін есептеу негізінде қалыптастырылады. Мысалы:

$$R = \frac{\text{Негізгі қызметтен алынған кіріс}}{\text{Сату мөлшері}} ;$$

$$R = \frac{\text{Қалыпты қызметтен алынған кіріс}}{\text{Сату мөлшері}} ;$$

$$R = \frac{\text{Қалыпты қызметтен салық салынғанға дейін алынған кіріс}}{\text{Сату мөлшері}} ;$$

$$R = \frac{\text{Қалыпты қызметтен салық салынғаннан кейін алынған кіріс}}{\text{Сату мөлшері}} ;$$

$$R = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Сату мөлшері}} .$$

$$R_{\delta} = \frac{P_{\delta}}{N_{\delta}}; R_o = \frac{P_o}{N_o}; \text{ немесе } R_{\delta} = \frac{N_{\delta} - C_{\delta}}{N_{\delta}}; R_o = \frac{N_o - C_o}{N_o};$$

$$\Delta R = R_o - R_{\delta},$$

мұнда: R_{δ} , R_o - есепті және базисті кезеңде сатудан алынған тиісінше пайда (таза кіріс);

N_o , N_{δ} - өнімді (жұмысты, қызметті) тиісінше сату;

C_o , C_{δ} - өнімнің (жұмыстың, қызметтің) тиісінше өзіндік құны;

ΔR - пайдалылықтың талданатын кезеңде өзгеруі.

Өнім мөлшерінің өзгеру факторының ықпалы есеппен (тізбекті ауыстыру әдісімен) анықталады.

$$\Delta R_c = \frac{N_o - C_o}{N_o} - \frac{N_o - C_b}{N_o}.$$

Өзіндік құнның өзгеруі төмендегідей ықпал етеді:

$$\Delta R_N = \frac{N_o - C_b}{N_o} - \frac{N_b - C_b}{N_b}.$$

Фактордың ауытқу сомасы кезеңдегі пайдалылықтың жалпы өзгеруін көрсетеді:

$$\Delta R = \Delta R_N + \Delta R_c.$$

Пайдалылық көрсеткіштерінің *екінші тобы* авансыланған қаражат мөлшері мен сипатының өзгеруіне байланысты пайдалылықтың барлық деңгейін есептеу негізінде қалыптастырылады: кәсіпорынның барлық активі; инвестициялық капитал (меншікті қаражат + ұзақ мерзімді міндеттеме); акционерлік (меншікті) капитал. Мысалы:

$$R = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Барлық актив}} ;$$

$$R = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Инвестициялық капитал}} ;$$

$$R = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Акционерлік капитал}} ;$$

$$R = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Меншікті капитал}} .$$

Атап өтілген көрсеткіштердің қайсысы болмасын фактордан тәуелділігіне орай оңай модельденеді. Келесі анық тәуелділікті қарастырайық:

$$R = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Барлық актив}} = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Сату мөлшері}} \times \frac{\text{Сату мөлшері}}{\text{Барлық актив}} .$$

Пайдалылықтың тағы бір факторлық моделін (Дюпон формуласы) қарастырайық:

$$R = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Акционерлік капитал}} = \frac{\text{Таза кіріс}}{\text{Сату мөлшері}} \times \frac{\text{Сату мөлшері}}{\text{Барлық актив}} = \frac{\text{Барлық актив}}{\text{Акционерлік капитал}} .$$

Пайдалылық көрсеткішінің *үшінші тобы* бірінші және екінші топқа жататын көрсеткіш сияқты пайдалылық деңгейін есептеу негізінде қалыптастырылады, алайда таза кірістің (пайданың) орнына есепте ақшалай қаражаттың *таза түсімі* пайдаланылады.

$$R = \frac{\text{Ақша қаражатының таза түсімі}}{\text{Сату мөлшері}} ;$$

$$R = \frac{\text{Ақша қаражатының таза түсімі}}{\text{Барлық актив}} ;$$

$$R = \frac{\text{Ақша қаражатының таза түсімі}}{\text{Меншікті капитал}} .$$